



ЖУРНАЛИСТЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА:

әлеуметтік, волонтерлік және қайырымдылық жобалар туралы материалдарды жариялауда жағымды оқиғаларға назар аударыңыз

Әр журналист өз мансабында әртүрлі жағдайлар мен өмірлермен жұмыс істейді. Олардың кейбіреулері апат орындарынан, басқалары қарттар үйіндегі іс-шаралардан репортаж болуы мүмкін. Әлеуметтік, волонтерлік және қайырымдылық жобалар туралы материалдарды мереке күндері ғана емес, басқа уақытта да жариялау маңызды екенін есте ұстаған жөн. Әлеуметтік жобалар арқылы жасалған жағымды әлеуметтік әсерлер қоғамды шабыттандырады, қолдайды және жұмылдырады. Әрқайсымыз өмір сүретін қоғамдағы маңызды мәселелерге назар аударыңыз. Бұл жадынама сізге бұл жолда көмектесетін болады.

Неге жағымды/сәтті әлеуметтік әсерлер туралы айтуымыз керек?

ШАБЫТТАНДЫРУ

СТЕРЕОТИПТЕРМЕН КҮРЕС

ЫНТАЛАНДЫРУ

ҚАУЫМДАСТЫҚТЫ ҚҰРУ

- Позитивті/нәтижелі хикаялар жеке адамдардың немесе топтардың қоғамға қалай әсер ететінін немесе/және басқалардың өмірін өзгертетінін көрсетеді.
- Табысты жобалар туралы материалдар жасау арқылы сіз басқаларды осындай іс-шараларға қатысуға шақыра аласыз.
- Әлеуметтік оң әсерлерге баса назар аудару волонтерлік және әлеуметтік жобалар туралы жағымсыз стереотиптерді өзгертуге көмектеседі.
- Әлеуметтік оң өзгерістер туралы хикаялар сенім мен ынтымақтастық деңгейін арттыру арқылы адамдар мен ұйымдар арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді.

Мұндай оқиғаларды/хикаяларды қалай табуға және олар туралы материалдарды қалай жасауға болады?

1. Google it! Интернетте іздеңіз. Сіз қателеспедіңіз, іздеу сервистерінде ашық іздеңіз сізге өте қызықты кейіпкерлер мен жобаларды табуға көмектеседі.
2. Жергілікті коммерциялық емес ұйымдарға, сондай-ақ волонтерлердің аймақтық фронт-кеңселеріне хабарласыңыз.
3. Волонтерлермен, көмек алушылармен және жоба ұйымдастырушыларымен байланысыңыз. Оларды әлеуметтік жобаға қатысуға не шабыттандырғанын және олардың әрекеттері басқалардың өміріне қалай әсер еткенін біліңіз.
4. Әлеуметтік, волонтерлік және қайырымдылық жобалар туралы материалдарды жасаумен айналысатын әріптестеріңіздің тәжірибесін зерттеңіз.
5. Волонтерлер санының өсуі немесе қоғамдағы өмір сүру жағдайларының жақсаруы сияқты бастамалардың қоғамға оң әсері туралы деректерді материалдарыңызға қосыңыз.



Әлеуметтік оң әсерлерге назар аударыңыз!

Нақты әрекеттер оң өзгерістерге қалай әкелгенін сипаттаңыз. Мысалы, қаланы көгалдандыру бағдарламасына қатысу жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын айтарлықтай өзгерте алады.

АДАМДАРДЫҢ ХИКАЯЛАРЫМЕН БӨЛІСІҢІЗ.

Эмоцияларды, қуанышты және нәтижелерге қадамдарды көрсететін фотосуреттер мен бейнелерді пайдаланыңыз.

Кең аудиторияны тарту үшін ақпаратты әртүрлі форматта (мақалалар, бейнелер, подкасттар) ұсынуды қарастырыңыз.

Аудиториямен әрекеттесу туралы ұмытпаңыз!

Материалдарыңызға қайырымдылық/әлеуметтік/волонтерлік ұйымдар жұмысына қатысуға және оларды қолдауға шақырсаңыз болады.

Сіз тәжірибе алмасу платформаларына қосыла аласыз немесе мұдай платформаларды өзіңіз де жасай аласыз. Мысалы, адамдар өздерінің қайырымдылық/әлеуметтік/волонтерлік тәжірибелерімен бөлісе алатын және басқалардың мысалдарынан шабыт алатын іс-шаралар немесе онлайн топтар ұйымдастырыңыз. Осылайша сіз қазір қандай жобалар жүзеге асырылып жатқандығы және олар қандай өзгерістер әкелетіні туралы үнемі хабардар боласыз. Бұл сіздің материалдарыңыз үшін жаңа оқиғаларды табуды жеңілдетеді.

«Ұлттық волонтерлік желісі» ЗТБ



+7 708 706 4242



+7 708 706 4242



@kz_nvs

